



**БОЖЕСТВЕННАЯ  
ЛИТУРГИЯ  
НА  
РУССКОМ  
И  
КАЗАХСКОМ  
ЯЗЫКАХ**

<p align="center"><b>БОЖЕСТВЕННАЯ ЛИТУРГИЯ СВЯТОГО ОТЦА НАШЕГО ИОАННА ЗЛАТОУСТА</b></p>	<p align="center"><b>БІЗДІҢ КИЕЛІ ӘКЕМІЗ ИОАНН ЗЛАТОУСТЫҢ ҚҰДАЙЛЫ ЛИТУРГИЯСЫ</b></p>
<p><b>В</b> положенное время <b>входит священник в храм и вместе с диаконом совершают три поклона перед святыми вратами и читают входные молитвы. Войдя же во святилице облачаются и совершают проскомидию. По окончании проскомидии, диакон, покадив святилице и весь храм, и, став вместе с священником перед святым престолом, трижды поклоняются, молясь в себе.</b></p>	<p><b>Өз уақытысында священник храмға кіріп диаконмен бірге үш рет бас иіп киелі қақпаның алдында кіру мінажатын оқиды. Ғибатханаға кіріп, тиісті киімдерін киіп, проскомидия жасайды. Проскомидия аяқталғаннан кейін, диакон ғибадатхананы және бүкіл храмды кадиладағы хош иіспен бүркіп, священникпен бірге киелі тақтың алдында, үш рет бас иіп ішінен мінажат айтады.</b></p>
<p><b>Священник, воздевая руки, произносит:</b>Царь Небесный, Утешитель, Дух Истины, везде пребывающий и всё наполняющий, Сокровищница благ и жизни Податель, приди и вселись в нас, и очисти нас от всякой скверны, и спаси, Благой, души наши.</p>	<p><b>Священник, қолын жайып, былай дейді:</b> Аспан Патшасы, Жұбатушы, Шындық Тыны, барлық жерде болған және бәрін толтырушы, игінің Асыл Қазынасы және өмір Беруші, келіп бізге қон және бізді әр түрлі (күнәлік) кірден тазарт және Игі біздің жанымызды құтқар.</p>
<p>Слава в вышних Богу, и на земле мир, в человеках благоволение. <b>(2)</b></p>	<p>Жоғарыдағы Құдайға даңқ, және жер бетіне тыныштық, адамдарға ізгілік. <b>(2)</b></p>
<p>Господи, Ты отверзешь уста мои, – и уста мои возвестят хвалу Твою!</p>	<p>Құдай Ие, Сен менің аузымды аш, – және менің аузым Сені мадақтайды!</p>
<p><b>И целует священник святое Евангелие, а диакон святой престол. Затем диакон, склонив пред священником голову и держа орарь тремя перстами правой руки, говорит:</b> Время действовать Господу; владыка, благослови.</p>	<p><b>Содан кейін священник киелі Евангелиені сүйеді, ал диакон киелі тақты сүйеді. Содан кейін диакон, священниктің алдында басын иіп, орарды оң қолының үш саусағымен ұстап, былай дейді:</b> Құдай Иеге қызмет ету уақыты басталды, әмірші, бата бер.</p>
<p><b>Священник, благословляя его, произносит:</b> Благословен Бог наш, всегда, ныне и присно, и во веки веков. Аминь.</p>	<p><b>Священник, оған бата бере, былай дейді:</b> біздің Құдайымыз баталанған, әр қашан да, кәзір де және әр қашан, және ғасырдан ғасырға. Аумин.</p>
<p><b>Диакон:</b> Помолись обо мне, владыка святой.</p>	<p><b>Диакон:</b> мен үшін, киелі әмірші мінажат айт.</p>
<p><b>Священник:</b> Да направит Господь стопы твои.</p>	<p><b>Священник:</b> Құдай Ие қадамыңды бағыттасын.</p>
<p><b>И снова диакон:</b> Помяни меня, владыка святой.</p>	<p><b>Диакон тағы:</b> Киелі әмірші мені есіңе ал.</p>

<b>Священник:</b> Да помянет тебя Господь Бог во Царствии Своем, всегда, ныне и присно, и во веки веков.	<b>Священник:</b> Құдай сені Өзінің Патшалығында есіне алсын, әр қашан да, кәзір де және әр қашан да, және ғасырдан ғасырға.
<b>Диакон:</b> Аминь.	<b>Диакон:</b> Аумин.
<b>И, поклонившись, выходит северными вратами, так как Царские врата до входа не отверзаются. И, став на обычном месте перед Царскими вратами, трижды поклоняется с благоговением, произнося в себе:</b> Господи, Ты отверзешь уста мои, – и уста мои возвестят хвалу Твою.	<b>Содан кейін (диакон) басын иіп, Патшалы қақпа шығысқа дейін ашылмағандықтан, сол түстік қақпамен шығады. Патшалы қақпаның алдына, өзінің әдепті жеріне келіп тұрып, аса құрметтікпен үш рет бас иіп, ішінен былай дейді:</b> Құдай Ие, Сен менің аузымды аш, – және менің аузым Сені мадақтайды!
<b>ЛИТУРГИЯ ОГЛАШАЕМЫХ</b>	<b>ЖАРИАЛАНҒАНДАР ЛИТУРГИЯСЫ</b>
<b>Диакон:</b> Благослови, владыка!	<b>Диакон:</b> Бата бер әмірші!
<b>Священник:</b> Благословенно Царство Отца и Сына и Святого Духа, ныне, и всегда и во веки веков.	<b>Священник:</b> Әкенің және Ұлдың және Киелі Тынның Патшалығы баталған, кәзірде, және әр қашан, және ғасырдан ғасырға.
<b>Хор:</b> Аминь	<b>Хор:</b> Аумин.
<b>Мирная ектения</b>	<b>Тыныштық ектениясы</b>
<b>Диакон:</b> В мире Господу помолимся. <b>Хор:</b> Господи помилуй	<b>Диакон:</b> Жанымыздың тыныштығымен Құдайға құлшылық етеміз. <b>Хор:</b> Мейірімінді көрсет Құдай Ие <b>или Хор:</b> Құдай Ие жарылқа
О мире свыше и о спасении душ наших Господу помолимся. <b>Хор:</b> Господи помилуй	Жоғарыдан берілетін тыныштық үшін, жанымыздың құтқарылуы үшін Құдайға құлшылық етеміз <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа
О мире всего мира, благоденствии святых Божиих Церквей и о соединении всех Господу помолимся. <b>Хор:</b> Господи помилуй	Дүние жүзіндегі тыныштық үшін, Құдайдың қауымдарының берікті тұруы үшін, барлығының қосылуы үшін Құдайға құлшылық етеміз. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа
О святом храме сем и о всех, с верою, благоговением и страхом Божиим входящих в него, Господу помолимся. <b>Хор:</b> Господи помилуй	Осы киелі храм үшін, және осы храмға сеніммен, аса зор құрметпен кіргендер үшін Құдайға құлшылық етеміз. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа

<p>О Великом Господине и отце нашем Святейшем Патриархе <b>Кирилле</b> и о Господине и о отце нашем высокопреосвященнейшем митрополите <b>Александре</b> почтенном пресвитерстве, во Христе диаконстве, о всём клире и народе Божиим Господу помолимся.</p> <p><b>Хор:</b> Господи помилуй</p>	<p>Біздің Жоғары Мырзамыз және Әкеміз Киелі Патриарх <b>Кирилл</b> үшін және біздің Мырзамыз және әкеміз Аса Жоғары Қасиетті <b>Александр</b> үшін, құрметтелген присвитерлер, Христостың диакондары, барлық қауым қызметкерлері және діндарлар үшін Құдайға құлшылық етеміз</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>О Богохранимой стране нашей, властях и воинстве её Господу помолимся.</p> <p><b>Хор:</b> Господи помилуй</p>	<p>Құдай сақтаған еліміз, үкіметіміз бен оның әскері үшін Құдайға құлшылық етеміз.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>О граде сем (<b>или:</b> о селении сем, <b>или:</b> о святой обители сей), всяком граде и стране и о верою живущих в них Господу помолимся.</p> <p><b>Хор:</b> Господи помилуй</p>	<p>Қаламыз үшін, әр қалалар және елдер және оларда сеніммен өмір сүргендер үшін Құдайға құлшылық етеміз.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>О благоприятной погоде, об изобилии плодов земли и о временах мирных Господу помолимся.</p> <p><b>Хор:</b> Господи помилуй</p>	<p>Жайлы ауа райы үшін, жеміс-жидектің мол болуы үшін, және тыныш өмір болуы үшін Құдайға құлшылық етеміз.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>О плавающих, путешествующих, болящих, страждущих, пленённых и о спасении их Господу помолимся.</p> <p><b>Хор:</b> Господи помилуй</p>	<p>Теңізде жүзгендер, саяхаттағандар, сырқаттанғандар, азап шеккендер, тұтқынға алынғандар үшін және олардың құтқарылғандары үшін Құдайға құлшылық етеміз.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>Об избавлении нас от всякой скорби, гнева, [опасности] и нужды Господу помолимся.</p> <p><b>Хор:</b> Господи помилуй</p>	<p>Біздің әр-түрлі күйзелістен, ашудан және жетпеушіліктен құтылуымыз үшін Құдайға құлшылық етеміз.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>Защити, спаси, помилуй и сохрани нас, Боже, Твоею благодатию.</p> <p><b>Хор:</b> Господи помилуй</p>	<p>Өзіңнің нұр жауған құт берекеңмен бізді қорға, құтқар, мейірім көрсет және сақта.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>Пресвятую, пречистую, преблагословенную, славную Владычицу нашу Богородицу и Приснодеву Марию со всеми святыми помянув, сами себя и</p>	<p>Ең Киелі, Ең Таза, Бәріненде зор баталық Алған, Даңқты Патшайымыз Құдай Ұлын Туған Ана және әр қашанда Қыз Марияны барлық</p>

<p>друг друга, и всю жизнь нашу Христу Богу предадим.</p> <p><b>Хор:</b> Тебе Господи</p>	<p>киелілермен еске алып, өзімізді және бір-бірімізді, және барлық өмірімізді Христос Құдайға тапсырамыз.</p> <p><b>Хор:</b> Саған Құдай Ие</p>
<p><b>Священник:</b> Ибо Тебе подобает вся слава, честь и поклонение, Отцу и Сыну и Святому Духу, ныне и всегда, и во веки веков.</p> <p><b>Хор:</b> Аминь</p>	<p><b>Священник:</b> Өйткені Саған барлық даңқ, құрмет пен құлшылық ету лайықты, Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға, кәзірде және әр қашанда, және ғасырдан ғасырға.</p> <p><b>Хор:</b> Аумин.</p>
<p><b>Молитва первого антифона</b></p>	<p><b>Бірінші антифонның мінажаты</b></p>
<p><b>Священник:</b> Господи Боже наш, Чья власть несравненна и слава непостижима, чья милость безмерна и человеколюбие неизреченно! Сам, Владыка, по благосердию Твоему воззри на нас и на святой храм сей, и яви нам и молящимся с нами неистощимые милости Твои и щедроты Твои.</p>	<p><b>Священник:</b> Біздің Құдай Иеміз, Оның иелігі түсінікісіз және даңқы ақылға сыймайтын, Оның мейірімділігі өлшеусіз және адамсүйгіштігін айтуға сөз жетпейді, Сен, Билеуші, Өзіңнің мейірімділігіңмен бізге және осы храмға қара және бізге және бізбен бірге мінажат айтқандарға Сенің мол мейіріміңді тигіз.</p>
<p><b>Первый изобразительный антифон</b></p>	<p><b>Бірінші бейнешілдік антифон</b></p>
<p>Благословляй, душа моя, Господа. / Благословен Ты, Господи! / Благословляй, душа моя, Господа, / и вся внутренность моя – имя святое Его.</p>	<p>Бата бер жаным менің Құдай Иемді, баталанғансың Сен Құдай Ие. Бата бер жаным менің Құдай Иемді, және барлық жан дүнием Оның киелі атын.</p>
<p>Благословляй, душа моя, Господа, / и не забывай всех благодеяний Его.</p>	<p>Бата бер жаным менің Құдай Иемді, және Оның барлық шарапатын ұмытпа:</p>
<p>Он прощает все беззакония твои, / исцеляет все недуги твои.</p>	<p>Ол сенің барлық күналарыңды кешіреді, сенің барлық сырқаттарыңды жазады,</p>
<p>Избавляет от гибели жизнь твою, / венчает тебя милостью и щедротами.</p>	<p>Сенің өміріңді шіруден сақтайды, мейіріммен және жомарттылықпен</p>
<p>Исполняет благами желание твое, – / обновится, как у орла, юность твоя.</p>	<p>Сенің барлық игілікті тілектеріңді орындайды, сенің жастық шағың бүркіттей жаңарады.</p>
<p>Творит милость Господь / и суд всем обиженным.</p>	<p>Барлық жәбір көргендердің тағдырына Құдай Ие мейірім жасайды.</p>
<p>Он открыл пути Свои Моисею, / сынам Израилевым – желания Свои.</p>	<p>Өзінің жолдарын Моисейге көрсетті, Израил ұлдарына Өзінің ықыласын көрсетті.</p>
<p>Щедр и милостив Господь, /</p>	<p>Жомарт және мейірімді Құдай Ие, зор</p>

долготерпелив и многомилостив.	шыдамды және аса мейірімді.
Слава Отцу, и Сыну, и Святому Духу.	Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға Даңқ,
И ныне, и всегда, и во веки веков. Аминь.	кәзірде, әр қашанда және ғасырдар ғасырға. Аумин.
Благословляй, душа моя, Господа / и вся внутренность моя – имя святое Его. / Благословен Ты, Господи! <b>Пс 102:1-8</b>	Бата бер жаным менің Құдай Иемді, баталанғансың Сен Құдай Ие. Бата бер жаным менің Құдай Иемді, және барлық жан дүнием Оның киелі атын.
<b>Ектения малая</b>	<b>Қысқа ектения</b>
<b>Диакон:</b> Снова и снова в мире Господу помолимся. <b>Хор:</b> Господи помилуй	<b>Диакон:</b> Тағы және тағы жанымыздың тыныштығымен Құдайға құлшылық етеміз. <b>Священник:</b> Құдай Ие жарылқа
Защити, спаси, помилуй и сохрани нас, Боже, Твоею благодатию. <b>Хор:</b> Господи помилуй	Өзіңнің нұр жауған құт берекеңмен бізді қорға, құтқар, мейірім көрсет және сақта. <b>Священник:</b> Құдай Ие жарылқа
Пресвятую, пречистую, преблагословенную, славную Владычицу нашу Богородицу и Приснодеву Марию со всеми святыми помянув, сами себя и друг друга, и всю жизнь нашу Христу Богу предадим. <b>Хор:</b> Тебе, Господи.	Ең Киелі, Ең Таза, Бәріненде зор баталық Алған, Даңқты Патшайымымыз Құдай Ұлын Туған Ана және әр қашанда Қыз Марияны барлық киелілермен еске алып, өзімізді және бір-бірімізді, және барлық өмірімізді Христос Құдайға тапсырамыз. <b>Хор:</b> Саған Құдай Ие.
<b>Молитва второго антифона</b> <b>Священник:</b> Господи, Боже наш, спаси народ Твой и благослови наследие Твое, полноту Церкви Твоей сохрани, освяти любящих благолепие дома Твоего! Ты их прославь божественной Твоею силою, и не оставь нас, надеющихся на Тебя.	<b>Екінші антифонның мінажаты</b> <b>Священник:</b> Біздің Құдай Иеміз, Өзіңнің адамдарыңды құтқар және мұралығыңа батанды бер, Сенің Қауымыңның толықтығын сақта, Сенің храмыңның әсемділігін сүйгендерді нұрландыр, Сен оларды Сенің Құдайлы күшіңмен даңқта және Саған үміт артқан бізді тастама.
<b>Священник:</b> Ибо Твоя власть, и Твои – Царство, и сила, и слава, Отца и Сына и Святого Духа, ныне и всегда, и во веки веков.	<b>Священник:</b> Өйткені Сенің билігің және Патшалығың, және құдіретің, және даңқың бар, Әкенің және Ұлдың және Киелі Тынның кәзірде және әр қашанда, және ғасырдан ғасырға
<b>Хор:</b> Аминь.	<b>Хор:</b> Аумин
<b>Второй изобразительный антифон</b>	<b>Екінші бейнешілдік антифон</b>

1. Хвали, душа моя, Господа. / Хвалить буду Господа всю жизнь мою, / петъ Богу моему, пока существую.	Мадақта, жаның менің, Құдай Иемді. Құдай Иемді жанымның тірісінде мадақтаймын; Құдайыма ән айтамын бар болғанымша.
2. Не надейтесь на князей, на сынов человеческих, / в которых нет спасения.	Құтқарулығы болмаған княздерге, адам балаларына үміттеріңді артпаңдар.
1. Выйдет дух его, / и он возвратится в землю свою, / в тот день погибнут все помышления его.	Оның жаны шығып, ол жеріне қайтып оралады, сол күні оның құрған бар мақсаттары жоғалады.
2. Блажен тот, кому Бог Иакова – помощник его, / надежда его – на Господа Бога своего.	Иаковтың Құдайы оған көмекші болған бақытты, және оның үміті өзінің Құдай Иесіне.
1. Сотворившего небо и землю, / море и все, что в них.	Жер мен көкті, теңіздер мен онда болған бар затты жаратқан
2. Хранящего истину вовек, / совершающего суд обиженным, / дающего пищу алчущим.	Шындықты ғасырдан ғасырға сақтаған, жәбір көргендерге оңды сот жасаған, ашықандарға тамақ беруші.
1. Господь освобождает узников, / Господь умудряет слепых.	Құдай Ие тұтқынға түсендерді босатады, Құдай Ие соқырларға ақыл береді.
2. Господь поднимает поверженных, / Господь любит праведных.	Құдай Ие құлағандарды көтереді, Құдай Ие тақуаларды сүйеді.
1. Господь хранит пришельцев, / сироту и вдову Он примет, / а путь грешных обратит в ничто.	Құдай Ие келімсектерді сақтайды, жетімдер мен жесірлерге көмектеседі, және күнәһарлардың жолын құртады.
2. Будет царствовать Господь вовек, / Бог Твой, Сион, – в род и род. <b>Пс 145</b>	Құдай Ие ғасырдан ғасырға патшалық етеді, Құдайың сенің, Сион, тұқымнан тұқымға!
Слава Отцу, и Сыну, и Святому Духу, / и ныне, и всегда, и во веки веков. Аминь.	Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға Даңқ және кәзір және әр қашанда және ғасырдан ғасырға. Аумин.
<b>Хор:</b> Единородный Сын и Слово Божие! / Бессмертный и благоволивший спасения нашего ради / воплотиться от Святой Богородицы и Приснодевы Марии, / неизменно вочеловечившийся и распятый, Христе Боже, / смертью смерть поправший, / Один из Святой Троицы, / прославляемый со Отцом и Святым Духом, спаси нас!	<b>Хор:</b> Біртуған Ұл және Құдай Сөзі! Өлімсіз бола тұра, Сен біздің құтқарылуымыз үшін Ең Киелі және әр қашанда Қыз Мариядан денеленуді қаладың. Өзгермей, Сен адам болдың. Крестке керіліп, Христос Құдай, Сен Өзіңнің өліміңмен өлімді жеңдің. Сен, Киелі Үшімнің бір Жүзісің, Әке және Киелі Тынмен даңқталған, бізді құтқар.
<b>Ектения малая</b>	<b>Қысқа ектения</b>
<b>Диакон:</b> Снова и снова в мире Господу	<b>Диакон:</b> Тағы және тағы жанымыздың тыныштығымен Құдайға құлшылық

помолимся. <b>Хор:</b> Господи помилуй	етеміз. <b>Священник:</b> Құдай Ие жарылқа
Защити, спаси, помилуй и сохрани нас, Боже, Твоею благодатию. <b>Хор:</b> Господи помилуй	Өзіңнің нұр жауған құт берекеңмен бізді қорға, құтқар, мейірім көрсет және сақта. <b>Священник:</b> Құдай Ие жарылқа
Пресвятую, пречистую, преблагословенную, славную Владычицу нашу Богородицу и Приснодеву Марию со всеми святыми помянув, сами себя и друг друга, и всю жизнь нашу Христу Богу предадим. <b>Хор:</b> Тебе, Господи.	Ең Киелі, Ең Таза, Бәріненде зор баталық Алған, Даңқты Патшайымымыз Құдай Ұлын Туған Ана және әр қашанда Қыз Марияны барлық киелілермен еске алып, өзімізді және бір-бірімізді, және барлық өмірімізді Христос Құдайға тапсырамыз. <b>Хор:</b> Саған Құдай Ие.
<b>Хор:</b> Аминь.	<b>Хор:</b> Аумин.
<b>Молитва третьего антифона</b> <b>Священник:</b> Ты, даровавший нам эти общие и согласные молитвы, и двум или трем, согласно просящим во имя Твое, просимое подавать обещавший, Сам и ныне прошения рабов Твоих к полезному исполни, подавая нам в нынешнем веке познание Твоей истины, и в будущем жизнь вечную даруя.	<b>Үшінші антифонның мінажаты</b> <b>Священник:</b> Бізге осы ортақ үйлесімді мінажаттарды берген Сен, екеуі әлде үшеуі бірауызды болып Сеннен сұрағанды беруге уәде бергенсің, Сен енді Сенің құлдарыңның сұрағандарын пайдаға орында, бізге осы ғасырда Сенің шындығыңды таныт, ал болашақта мәңгі өмір бер.
<b>Священник:</b> Яко благ и человеколюбец Бог еси, и Тебе славу возсылаем, Отцу, и Сыну, и Святому Духу, ныне и присно, и во веки веков.	<b>Священник:</b> Өйтені Сен Игісің және Адамсүйгіш Құдай, және Саған даңқ айтамыз Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға кәзірде және әр қашанда, және ғасырдан ғасырға.
<b>Хор:</b> Аминь.	<b>Хор:</b> Аумин
<b>3 антифон, блаженные</b>	<b>3-ші Антифон, бақыттылар</b>
<b>Хор:</b> Во Царствии Твоём помяни нас, Господи, / когда придешь во Царствии Твоём.	<b>Хор:</b> Бізді патшалығыңда есіңе ал, Патшалығыңа келгенде.
Блаженны нищие духом, / ибо их есть Царство Небесное.	Кішіпейілділер бақытты, өйткені олардың Аспан Патшылығы бар.
Блаженны плачущие, / ибо они утешатся.	Жылағандар бақытты, өйткені олар жұбатылады.
Блаженны кроткие, / ибо они наследуют землю.	Момындар бақытты, өйткені олар жерге ие болады.



Блаженны алчущие и жажущие правды, / ибо они насытятся.	Шындықты бар ниетімен іздегендер бақытты, өйткені олар іздегенін табады.
Блаженны милостивые, / ибо они помилованы будут.	Мейірімділер бақытты, өйткені олар рахымшылыққа ие болады.
Блаженны чистые сердцем, / ибо они Бога узрят.	Жүректері тазалар бақытты, өйткені олар Құдайды көреді.
Блаженны миротворцы, / ибо они будут наречены сынами Божиими.	Бейбітшілдер бақытты, өйткені олар Құдайдың ұлдары болып аталады.
Блаженны гонимые за правду, / ибо их есть Царство Небесное.	Шындық үшін қуғын көргендер бақытты, өйткені олардың Аспандық Патшалығы бар.
Блаженны вы, когда будут поносить вас / и гнать и всячески неправедно злословить за Меня.	Сендерді жамандап, қуып, Мен үшін әр түрлі ғайбаттаса, сендер бақытысыңдар.
Радуйтесь и веселитесь, / ибо велика ваша награда на небесах. <b>Мф 5:3–12А</b>	Қуанып шаттаныңдар, өйткені сендердің апсанда марапаттарың үлкен.
Слава Отцу, и Сыну, и Святому Духу.	Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға даңқ.
И ныне, и всегда, и во веки веков. Аминь.	Және кәзірде, және әр қашан, және ғасырдан ғасырға. Аминь.
<b>Диакон:</b> Премудрость! Станем благоговейно!	<b>Диакон:</b> зер салып тұрыңдар
<b>Хор в воскресенье:</b> Придите, поклонимся и припадем ко Христу. / Спаси, Сын Божий,* / Воскресший из мертвых, нас, поющих Тебе: / Аллилуиа.	<b>Хор:</b> Келіңдер өлімнен тірілген Христосқа бас иейік. /Құтқар, Құдай Ұлы, / өлімнен Тірілген біздің Саған ән айтқан: аллилуя.
<b>В будни:</b> Дивный во святых, нас, поющих Тебе: / Аллилуиа.	
<b>Священник:</b> Владыка, Господи Боже наш, установивший на небесах полки и воинства Ангелов и Архангелов для служения Твоей Славе! Сделай, чтобы со входом нашим совершился вход святых Ангелов, с нами служащих и славословящих Твою благодать. Ибо Тебе подобает вся слава, честь и поклонение, Отцу и Сыну и Святому Духу, ныне и всегда, и во веки веков. Аминь.	<b>Священник:</b> Әмірші Құдай Иемізбідің, аспанда Өзіңнің даңқыңа қызмет етуге Періштелер мен Архангелдердің көпшілігінің шенін қондырған! Біздің шығуымызбен, бізбен бірге қызмет етіп, және бірге Сенің Игілігіңді даңқтаған Періштелердің шығуын жаса. Өйткені Саған әр-түрлі даңқ, құрмет және бас ию лайықты, Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға кәзірде және әр қашанда, және ғасырдан ғасырға.
<b>Священник:</b> Ибо свят Ты, Боже наш, и Тебе славу воссылаем, Отцу и Сыну и	<b>Священник:</b> Өйткені Сен Киелісің, Құдайымыз біздің, және Саған даңқ айтамыз,

Святому Духу, ныне и всегда.	Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға, кәзірде және әр қанашда және ғасырдан ғасырға.
<b>Диакон:</b> Господи, спаси благочестивыя.	<b>Диакон:</b> Құдай Ие, құтқар тақуаларды.
<b>Хор:</b> Господи, спаси благочестивыя. <b>Диакон:</b> И услыши ны. <b>Хор:</b> И услыши ны.	<b>Хор:</b> Құдай Ие, құтқар тақуаларды. <b>Диакон:</b> Және есті бізді. <b>Хор:</b> Және есті бізді.
<b>Диакон:</b> И во веки веков.	<b>Диакон:</b> Және ғасырдан ғасырға.
<b>Хор:</b> Аминь.	<b>Хор:</b> Аумин.
<b>Молитва перед пением Трисвятого</b>	<b>Үш Киелінің алдында айтатын мінажат</b>
<b>Священник:</b> Боже святой, во святых почивающий, Трисвятым возгласением Серафимами воспеваемый и Херувимами славословимый, и от всех небесных Сил принимающий поклонение! Ты, из небытия в бытие приведший все, создавший человека по образу Своему и по подобию и всеми Твоими дарами его украсивший, дающий просящему премудрость и разум, и не презирающий согрешающего, но установивший покаяние во спасение. Ты удостоил нас, смиренных и недостойных рабов Твоих, и в этот час стать пред славою святого Твоего жертвенника и подобающее Тебе поклонение и славословие приносить. Сам, Владыка, прими и из уст нас, грешных, Трисвятую песнь и посети нас во благодати Твоей, прости нам всякое согрешение как вольное, так и невольное, освяти наши души и тела, и дай нам с благоговением служить Тебе во все дни жизни нашей, по ходатайствам святой Богородицы и всех святых, от века Тебе благоугодивших.	<b>Священник:</b> Киелі Құдай, әулиелерде Болған, Серафимдермен Үш Киелі деп әндетіп айтулы және Херувимдермен даңқталған, және барлық аспандық Күштен ғибадат ету қабылдаған! Сен, болымсыздан барлығын болдырдың, адамды Өзіңнің кейіпдей және ұқсастығындай жаратқан және Сенің барлық нұр жауған құт берекеңмен көріктендірдің, сұрағанға даналық пен ақыл берген және күнә жасағанды жек көрмеуші, бірақ құтқарылуға тәубе етуді орнаттың. Сен бізді, Сенің кішіпейілді және түкке тұрғыссыз құлдарыңды, осы сағатта Сенің құрбан шалатын жеріңнің даңқының алдында тұруға және Саған лайықты бас ию және мадақтаулық айтуға лайықтандырдың. Өзің, Әмірші, біздің, күнәлілердің аузымыздан Үш Киелі ән қабылдап, Сенің қайырымдылығыңмен бізге келіп, біздің еркімізбен әлде еріксіз жасаған күнәларымызды кешіріп, біздің жанымыз бен тәнімізді киелендір, және біздің барлық өмірімізде Саған зор құрметпен қызмет еткіз, киелі Құдай Ұлын Туған Қыздың және Саған ғасырлардың басынан бастап болған тақуаларыңның өтінішімен.
<b>Хор:</b> Святой Боже, / Святой Крепкий, / Святой Безсмертный, помилуй нас. <b>(трижды)</b>	<b>Хор:</b> Киелі Құдай, Киелі Құдіретті, Киелі Өлімсіз (бізге мейірімді бола гөр) <b>или</b> бізді жарылқа <b>(үш рет)</b>
Слава Отцу и Сыну и Святому Духу, и ныне и присно и во веки веков. Аминь.	Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға даңқ кәзірде және әр қашанда және ғасырда ғасырға. Аумин.
Святой Безсмертный, помилуй нас.	Киелі Өлімсіз бізге мейірімді бола гөр.

Святой Боже, / Святой Крепкий, / Святой Безсмертный, помилуй нас.	Киелі Құдай, Киелі Құдіретті, Киелі Өлімсіз бізге мейірімді бола гөр.
<b>Диакон:</b> Повели, владыка.	<b>Диакон:</b> бұйрық бер, әмірші
<b>Священник:</b> Благословен грядущий во имя Господне.	<b>Священник:</b> Құдай Иенің атынан келе жатқан баталанған.
<b>Диакон:</b> Благослови, владыка, горнее место.	<b>Диакон:</b> әмірші төрге батаңды бер
<b>Священник же, благословляя горнее место:</b> Благословен Ты на престоле Славы Царства Твоего, восседающий на Херувимах, всегда ныне и присно, и во веки веков. Аминь.	<b>Священник болса, төрге бата бере:</b> Сен, Сенің Патшалығыңның Даңқының тағында баталанғансың, Херувимдерде салтанатты отырған, мәңгі кәзір және әр қашан, және ғасырдан ғасырға. Аумин.
<b>По окончании Трисвятого диакон, подойдя к Царским вратам, возглашает:</b> Будем внимать!	<b>Үшкиелі аяқталғаннан кейін диакон Патшалы қақпаға жақындап келіп, былай дейді:</b> зер салып тыңдайық
<b>Священник:</b> Мир всем! <b>И чтец отвечает:</b> И духу твоему. <b>Диакон:</b> Премудрость!	<b>Священник:</b> Барлығыңа тыныштық! <b>Оқушы жауап береді:</b> сенің де рухыңа. <b>Диакон:</b> Зер салып тұрыңдар!
<b>И чтец:</b> Прокимен, (псалом Давидов,) глас [такой-то].	<b>Оқушы:</b> Прокимен, (Давидтың псаломы) (осыншасыншы) дауыс
<b>Диакон:</b> Премудрость!	<b>Диакон:</b> Зер салып тұрыңдар!
<b>И чтец надписание Апостола:</b> Деяний святых Апостолов чтение; <b>или:</b> Соборного послания Иакова <b>или:</b> Петра чтение; <b>или:</b> К римлянам, <b>или:</b> К коринфянам, <b>или:</b> к Галатам послания святого Апостола Павла чтение.	<b>Оқушы Апостолдың атын айтады:</b> киелі апостолдарың Деяниесі; <b>әлде</b> Иаковтың <b>әлде</b> Петрдың жолдауының жинағының оқылуы; <b>әлде:</b> Римдіктерге, <b>әлде:</b> коринфяндықтарға, <b>әлде:</b> Галаттарға киелі Апостол Павелдің жалдауының оқылуы.
<b>Диакон:</b> Будем внимать!	<b>Диакон:</b> Зер салып тыңдайық!
<b>Во время чтения Апостола диакон, взяв кадило и ладан, подходит к священнику и, получив благословение, кадит св. престол вокруг, и весь алтарь, и священника.</b>	<b>Апостол оқылу барысында диакон кадиланы және ладанды алып, священникке келіп, бата алып, киелі тақты айнала, және бүкіл ғибадатхананы, және священникті хош иіспен бұрқиді.</b>
<b>Чтение Апостола</b>	<b>Апостолдың оқылуы</b>
<b>Священник:</b> Мир тебе!	<b>Священник:</b> Барлығыңа тыныштық!
<b>Чтец:</b> И духу твоему. <b>Диакон:</b> Премудрость! <b>Чтец:</b> Аллилуиа, [глас такой-то. И	<b>Оқушы:</b> Сенің рухыңа да. <b>Диакон:</b> Зер салып тұрыңдар! <b>Оқушы:</b> Аллилуиа, (осыншасыншы) дауыс.

<b>поется Аллилуиа три раза по трижды, со стихами аллилуиария.</b>	Содан кейін <b>Аллилуиа үш рет, аллилуиарияның өлендерімен әндетіліп айтылады.</b>
<b>Молитва перед чтением Евангелия</b>	<b>Евангелиенің алдында айтылатын мінажат</b>
<b>Священник:</b> Зажги в сердцах наших, человеколюбивый Владыка, Твоего Богопознания нетленный свет и открой очи ума нашего для уразумения евангельской Твоей проповеди! Вложи в нас и страх пред блаженными Твоими заповедями, дабы мы, все плотские влечения поправ, проводили духовную жизнь, о всём, что к угождению Тебе, мысля и то совершая. Ибо Ты – просвещение душ и тел наших, Христе Боже, и Тебе славу воссылаем, со безначальным Твоим Отцом, и всесвятым и благим и животворящим Твоим Духом, ныне и всегда и во веки веков. Аминь.	<b>Священник:</b> Адамсүйгіш Әмірші біздің жүрегімізге Сені танудың мәңгі жарығын жақ және біздің санамызды Сенің ізгі хабарыңның ілімін түсінуге аш; бізге Сенің бақытты өсиеттеріңді жауапкершілікпен орындайтындай жаса, біз тәндік жеңсіктікті жеңіп, рухани өмір сүріп, ойымызда, барлық істерімізде Сенің еркінді орындау үшін. Өйткені Сен біздің жанымыз бен тәніміздің ағартушысың Христос Құдай, және Саған даңқ айтамыз, Сенің Мәңгі Болған Өкеңмен және Ең Киелі және Игі және Өмірбергіш Сенің Тыныңмен, кәзірде және әр қашанда және ғасырда ғасырға. Аумин.
<b>Диакон:</b> Благослови, владыко, благовестителя святого Апостола и Евангелиста, <b>имя рек.</b>	<b>Диакон:</b> Мадақтау айтушыға бата бер, әмірші, киелі апостол және евангелист <b>(евангелистің аты)</b>
<b>Священник:</b> Бог, молитвами святого, славного, всехвального Апостола и Евангелиста, <b>имярек,</b> да даст тебе глагол благовествующему силою многою, во исполнение Евангелия возлюбленного Сына Своего, Господа нашего Иисуса Христа.	<b>Священник:</b> Құдай киелі, даңқты, бәріненде мадақтаулы апостол және евангелист <b>(аты)</b> айтқан мінажатымен, саған ұлы күшпен мадақтау айтуға, Өзінің сүйген Ұлы, біздің Құдай Иеміз Иисус Христостың Игі Хабарын орындауға сөз берсін.
<b>Диакон же рек:</b> Аминь.	<b>Диакон:</b> Аумин.
<b>Священник:</b> Премудрость, прости, услышим святого Евангелия. Мир всем.	<b>Священник:</b> зер салып тұрындар, Киелі Игі Хабарды тыңдайық. Бәріңе тыныштық.
<b>Хор:</b> И духови твоему.	<b>Хор:</b> сенің рухыңа да.
<b>Диакон:</b> От <b>имярек</b> святого Евангелия чтение.	<b>Диакон: (Евангелистің аты)</b> Киелі Игі Хабардың оқылуы.
<b>Хор:</b> Слава Тебе, Господи, слава Тебе.	<b>Хор:</b> Даңқ Саған Құдай Ие даңқ Саған.
<b>Священник:</b> Вонмем.	<b>Священник:</b> зер салып тыңдайық.
<b>И читается Евангелие. По окончании чтения:</b>	<b>Евангелие оқылады. Оқылып біткенне кейін</b>

<b>Священник:</b> Мир тебе, благовествующему.	
<b>Хор:</b> Слава Тебе, Господи, слава Тебе.	<b>Хор:</b> Даңқ Саған Құдай Ие, даңқ Саған.
<b>Ектения сугубая</b>	<b>Күрделі ектения</b>
<b>Диакон:</b> Возгласим все от всей души и от всего помышления нашего возгласим. <b>Хор:</b> Господи, помилуй <b>1 раз</b>	<b>Диакон:</b> Барлық жан дүниемізбен және барлық ойымызбен айтамыз. <b>Хор:</b> мейірімді бол Құдай Ие <b>1 рет</b> <b>Или Хор:</b> Құдай Ие жарылқа <b>1 рет</b>
Господи Вседержитель, Боже отцов наших, молимся Тебе, услышь и помилуй. <b>Хор:</b> Господи, помилуй <b>1 раз</b>	Құдай Ие дүние Ұстағыш, біздің әкелеріміздің Құдайы, Саған мінажат айтамыз, бізді естіп, мейірімді көрсет. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа <b>1 рет</b>
Помилуй нас, Боже, по великой милости Твоей, молимся Тебе, услышь и помилуй. <b>Хор:</b> Господи, помилуй <b>3 раз</b>	Бізге мейірімді бола кұналарымызды кешір, Құдай, Өзіңнің ұлы мейірімділігіңмен, Саған мінажат айтамыз, бізді естіп, мейірімді көрсет. <b>Хор:</b> мейірімді бол Құдай Ие <b>3 рет</b> <b>Или Хор:</b> Құдай Ие жарылқа <b>3 рет</b>
Ещё молимся о Великом Господине и отце нашем Святейшем Патриархе Кирилле и о господине и отца нашем высокопреосвященнейшем митрополите Александре и о всём во Христе братстве нашем. <b>Хор:</b> Господи, помилуй <b>(3)</b> .	Тағы, біздің ұлы Мырзамыз және Әкеміз Мәскеу және бүкіл Русь Қасиетті Патриархы Кирилл үшін және біздің Мырзамыз және әкеміз Ұлы Жоғары Қасиетті митрополит Александр үшін, және Христос үшін біздің барлық ағайындарымыз үшін мінажат айтамыз. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа <b>3 рет</b>
<b>В это время священник раскрывает антиминс наполовину</b>	<b>Осы кезде священник антимиісті жартылай ашады</b>
Ещё молимся о Богохранимой стране нашей, властях и воинстве её, да тихую и безмятежную жизнь проведём во всяком благочестии и чистоте. <b>Хор:</b> Господи, помилуй <b>(3)</b> .	Тағы, Құдай сақтаған еліміз үшін, оның үкметі мен әскерлері үшін, бізге тыныш және тазалықта ұнамды өмір сүруіміз үшін мінажат айтамыз. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа <b>3 рет</b>
Ещё молимся о братьях наших священниках, священномонахах, [священнодиаконах и монахах], и о всем во Христе братстве нашем. <b>Хор:</b> Господи, помилуй <b>(3)</b> .	Тағы, біздің ағайындарымыз священниктер, священномонахтар және Христос үшін барлық ағайындарымыз үшін мінажат айтамыз. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа <b>3 рет</b>
Ещё молимся о блаженных и всегда поминаемых создателях святого храма сего ( <b>или:</b> святой обители сей), и о всех прежде почивших отцах и братьях наших,	Тағы масайраған, әр қанашда есте сақталған осы храмның кұрушылары үшін, қайтыс болған осы жерде және әр жерде жерленген

здесь и повсюду лежащих, православных. <b>Хор:</b> Господи, помилуй (3).	православты әкелеріміз бен ағаларымыз үшін мінажат айтамыз. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа 3 рет
Ещё молимся о милости, жизни, мире, здравии, спасении, посещении, прощении и оставлении грехов рабов Божиих, братии {и прихожан} святого храма сего ( <b>или:</b> святой обители сей). <b>Хор:</b> Господи, помилуй (3).	Тағы осы храмның діндарларының өмірлерінің тыныш, денсаулықтары зор, құтқарулары, Құдайдың мейірімі көрсертіліп, күнәларының кешірулері үшін мінажат айтамыз <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа 3 рет
Ещё молимся о приносящих жертвования и творящих доброе во святом и всесвященном храме сем, о в нем трудящихся, поющих и предстоящих людях, ожидающих от Тебя великой и богатой милости. <b>Хор:</b> Господи, помилуй (3).	Тағы осы храмға, Құдайға қызметтікке деген керектікке қайырымдылық көрсеткердер үшін, және осы храмның әсемділігі үшін қайырымдылық көрсеткендер үшін, еңбек көрсеткендер үшін, ән айтқандар мен Сенің ұлы және мол мейірімді күтіп тұрғандар үшін мінажат айтамыз. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа 3 рет
<b>Священник тихо молится</b>	<b>Священник тыныш мінажат айтады</b>
<b>Молитва усердного моления</b> <b>Священник:</b> Господи Боже наш, прими это усердное моление от Твоих рабов, и помилуй нас по множеству милости Твоей, и щедроты Твои ниспошли на нас и на весь народ Твой, ожидающий от Тебя неистощимой милости.	<b>Ықыласты мінажаттың сұрауы</b> Біздің Құдай Иеміз, осы біздің ықыласты сұрауымызды Сенің құлдарыңнан қабыл алып, біздің Өзіңнің мол мейірімділігіңе бола мейірім көрсетіп, бізге және барлық адамдарыңа, Сеннен берекелі мейірім күткендерге жомартынды бер.
<b>Священник:</b> Ибо Ты – милостивый и человеколюбивый Бог, и Тебе славу воссылаем, Отцу и Сыну и Святому Духу, ныне и всегда, и во веки веков.	<b>Священник:</b> Өйткені Сен Мейірімді және Адамсүйгіш Құдайсың, және Саған даңқ айтамыз, Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға кәзірде және әр қашанда, және ғасырдан ғасырға.
<b>Хор:</b> Аминь.	<b>Хор:</b> Ауминь.
<b>Ектения об усобших</b>	<b>Қайтыс боландар үшін ектения</b>
<b>Диакон:</b> Помилуй нас, Боже, по великой милости Твоей, молимся Тебе, услышь и помилуй. <b>Хор:</b> Господи, помилуй (3).	<b>Диакон :</b> Мейірімді бол бізге Құдай Ие, Өзіңнің ұлы мейірімділігіңе бола, Саған мінажат айтамыз, бізді естіп, мейірім көрсет. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа 3 рет
Ещё молимся о упокоении душ усопших рабов Божиих ( <b>имена</b> ), и о прощении им всякого согрешения, как вольного, так и невольного. <b>Хор:</b> Господи, помилуй (3).	Тағы қайтыс болған Құдайдың құлдары үшін, ( <b>аттары</b> ) олардың ерікті және еріксіз күнәларының кешірілуі жайында мінажат айтамыз. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа 3 рет

<p>Дабы Господь Бог водворил души их там, где праведные упокоиваются.</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй (3).</p>	<p>Құдай Ие олардың жандарын, игілер болған жерге орналастырсын.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа 3 рет</p>
<p>Милости Божией, Царства Небесного и отпущения грехов их у Христа, бессмертного Царя и Бога нашего, просим.</p> <p><b>Хор:</b> Тебе Господи</p>	<p>Құдайдың мейірімін, Аспан Патшалығын және олардың күнәларының кешірілуін Өлімсіз Патша және біздің Құдайымыз Христостан сұраймыз.</p> <p><b>Хор:</b> Саған Құдай Ие</p>
<p><b>Хор:</b> Подай, Господи.</p> <p><b>Диакон:</b> Господу помолимся!</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй.</p>	<p><b>Хор:</b> Бізге бер Құдай Ие.</p> <p><b>Диакон:</b> Құдай Иеге мінажат айтамыз!</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p><b>Священник:</b> Боже духов и всякой плоти, смерть поправший и диавола упразднивший, и жизнь миру Твоему даровавший! Сам, Господи, упокой души усопших рабов Твоих (<b>имена</b>) в месте светлом, в месте блаженном, в месте отрадном, откуда отошли мука, скорбь и стенание. Всякое согрешение, соделанное ими словом, или делом, или помышлением, как благой и человеколюбивый Бог, прости. Ибо нет человека, который жил бы и не согрешил, ведь только Ты один без греха, правда Твоя – правда навек и слово Твое – истина.</p>	<p><b>Священник:</b> Жандар мен тәндердің Құдайы, өлімді жеңген, әзәзілді жойып, Өзінің әлеміне мәңгі өмір берген! Өзің Құдай Ие, Өзіңнің құлдарыңның жандарын жарық жерде, берекелі жерде, тыныш жерде тыныштандыр, ол жерде ауру, мұң мен күрсініс болмаған; сөзімен, ісімен, ойымен істеген күнәларын Игілі Адамсүйгіш Құдай бола тұра кешіре гөр. Өйткені өмір сүріп, күнә жасамаған адам жоқ; Сен жалғыз күнәсізсің, Сенің шындығың – ғасылар шындығы, және сөзің Сенің – шындық.</p>
<p><b>Священник возглашает:</b> Ибо Ты – воскресение и жизнь и покой усопших рабов Твоих (<b>имена</b>), Христе Боже наш, и Тебе славу воссылаем, со безначальным Твоим Отцом, и всесвятим и благим и животворящим Твоим Духом ныне и всегда, и во веки веков.</p>	<p><b>Священник:</b> Өйткені Сен Өзіңнің құлдарыңның өлімнен тірілуі, өмірі және тыныштығысың Христос Құдай, және Саған даңқ айтамыз, Сенің Мәңгі Болған Әкеңмен және Ең Киелі және Игі және Өмірбергіш Сенің Тыныңмен, кәзірде және әр қашанда және ғасырда ғасырға.</p>
<p><b>Хор:</b> Аминь.</p>	<p><b>Хор:</b> Ауминь.</p>
<p><b>Ектения об оглашаемых</b></p>	<p><b>Жариаланғандар ектениясы</b></p>
<p><b>Диакон:</b> Помолитесь, оглашаемые, Господу!</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй.</p>	<p>Жариаланғандар, Құдай Ие мінажаттарыңды айтыңдар.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>Верные, об оглашаемых помолимся,</p>	<p>Адалдар жариаланғандар үшін мінажат айтыңдар, Құдай Ие оларға мейірімділігін</p>

чтобы Господь помиловал их. <b>Хор:</b> Господи, помилуй.	көрсету үшін. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа
Огласил их словом истины. <b>Хор:</b> Господи, помилуй.	Шындық сезіммен оларды жариаласын. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа
Открыл им Евангелие правды. <b>Хор:</b> Господи, помилуй.	Оларға Изгі Хабардың шындығын аштың. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа
<b>В это время священник раскрывает верхнюю часть антимины</b>	<b>Осы кезде священник антиминынің жоғары жағын ашады</b>
Соединил их со святой Своей, соборной и апостольской Церковью. <b>Хор:</b> Господи, помилуй.	Өзінің Киелі, Әлембіріктіретін және Апостолдық Шіркеуіне қостырсын. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа
Спаси, помилуй, защити и сохрани их, Боже, Твоею благодатию. <b>Хор:</b> Господи, помилуй.	Құтқар, мейірімді көрсет, қорға және сақта оларды, Құдай Ие. Өзіңнің Нұр Жауған Берекеңмен. <b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа
Оглашаемые, главы ваши пред Господом преклоните! <b>Хор:</b> Тебе Господи.	Жариаланғандар, бастарыңды Құдай Иеге Иіңдер. <b>Хор:</b> Саған, Құдай Ие.
<b>Молитва об оглашаемых</b>	<b>Жариаланғандар үшін мінажат</b>
<b>Священник:</b> Господи Боже наш, на высотах обитающий, и дольнее озирающий, Ты, во спасение рода человеческого пославший единородного Сына Твоего и Бога, Господа нашего Иисуса Христа! Возри на рабов Твоих оглашаемых, склонивших пред Тобою главы свои, и удостой их в надлежащее время купели возрождения, прощения грехов и одежды нетления. Соедини их со святой Твоей, соборной и апостольской Церковью и сопричисли их ко избранному Твоему стаду.	<b>Священник:</b> Құдай Иеміз біздің, жоғарыда болып, кішіпейілдерді көруші, адамзат тегіне Өзінің Біртуған Ұлын және біздің Құдай Иеміз Иисус Христосты құтқару үшін Жіберген! Өзіңнің, өздерінің бастарын Сенің алдында иген жариаланған құлдарыңа махаббатпен қара, олардың күнәларын кешіріп, шірімейтін киім кигізіп, оларды қолайлы уақытта қайта туу купеліне лайықтандыр. Оларды Өзіңнің Киелі, Әлембіріктіретін және Апостолдық Шіркеуіне қосып, Сенің таңдалған тобыңа қос.
<b>Священник:</b> Дабы и они с нами славили всесвященное и величественное имя Твое, Отца и Сына и Святого Духа, ныне, всегда и во веки веков.	<b>Священник:</b> Оларда бізбен бірге Сенің Ең Адал және Ұлы атыңды мадақтау үшін, Әкенің және Ұлдың және Киелі Тынның, кәзірде және әр қашан және ғасырдан ғасырға.
<b>Хор:</b> Аминь.	<b>Хор:</b> Аумин.
<b>Диакон:</b> Все оглашаемые, выйдите! Оглашаемые, выйдите! Все оглашаемые,	<b>Диакон:</b> Жариаланғандар кім, шығындар, жариаланғандар шығындар, жариаланғандар



<p>выйдите! Да никто из оглашаемых, а только верные, снова и снова в мире Господу помолимся!</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй.</p>	<p>кім, шығындар. Жариаланғандардың ішкімі қалмауы үшін, ал кім адалдар, тағы және тағы жанымыздың тыныштығымен Құдай Иеге құлшылық етеміз.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p><b>Литургия верных</b></p>	<p><b>Адалдар Литургиясы</b></p>
<p><b>Диакон:</b> Защити, спаси, помилуй и сохрани нас, Боже, Твоею благодатию.</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй.</p>	<p><b>Диакон:</b> Өзіңнің нұр жауған құт берекеңмен бізді қорға, құтқар, мейірім көрсет және сақта.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p><b>Диакон:</b> Премудрость!</p>	<p><b>Диакон:</b> Зер салып тыңдаңдар!</p>
<p><b>Молитва верных первая</b></p>	<p><b>Адалдардың бірінші мінажаты</b></p>
<p><b>Священник:</b> Благодарим Тебя, Господи Боже Сил, удостоившего нас предстать и ныне святому Твоему жертвеннику и припасть к Твоему милосердию, прося о наших грехах и о грехах неведения народа! Прими, Боже, моление наше, сделай, чтобы мы были достойны приносить Тебе моления и мольбы и жертвы бескровные за весь народ Твой, и дай нам, которых Ты поставил на это служение Тебе, способность силою Духа Твоего Святого, безукоризненно и без преткновения, с чистым свидетельством совести нашей, призывать Тебя во всякое время и на всяком месте, чтобы внимая нам, Ты был милостив к нам, по множеству Своей благодати.</p>	<p><b>Священник:</b> Саған алғысымызды айтамыз құдіретті Құдай Ие, бізді енді Сенің Тағыңның алдына тұрып, Сенің меріміңе үміттеніп біздің күнәміз үшін және халықтың адасу жолдары үшін мінажат етуге лайықтандырдың. Тәңір біздің өтінішімізді қабыл алып, Саған өтініш аутуға және Сенің адамдарыңа, және осы қызметке қойған бізді, Қансыз Құрбандытқы шалуды лайықтандырып, Сенің Киелі Тыныңның күшімен күнә тақпай, бөгетсіз біздің таза инабатымызбен Сені әр уақытта және әр жерде шақыруға жарат, бізді тыңдап, Сен Өзіңнің көптеген қайырымдылығыңмен бізге мейірімді көрсет.</p>
<p><b>Священник:</b> Ибо Тебе подобает вся слава, честь и поклонение, Отцу и Сыну и Святому Духу, ныне и всегда, и во веки веков.</p>	<p><b>Священник:</b> Өйткені Саған әр түрлі даңқ, абырой және бас июлік лайықты, Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға кәзірде және әр қашанда, және ғасырдан ғасырға.</p>
<p><b>Хор:</b> Аминь.</p>	<p><b>Хор:</b> Аумин.</p>
<p><b>Диакон:</b> Снова и снова в мире Господу помолимся!</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй.</p>	<p><b>Диакон:</b> Тағы және тағы жанымыздың тыныштығымен Құдайға құлшылық етеміз.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>О мире свыше и о спасении душ наших Господу помолимся.</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй.</p>	<p>Жоғарыдан берілетін тыныштық үшін, жанымыздың құтқарылуы үшін Құдайға құлшылық етеміз</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>

<p>О мире всего міра, благоденствию святых Божиих Церквей и о соединении всех Господу помолимся.</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй.</p>	<p>Дүние жүзіндегі тыныштық үшін, Құдайдың қауымдарының берікті тұруы үшін, барлығының қосылуы үшін Құдайға құлшылық етеміз.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>О святом храме сем и о всех, с верою, благоговением и страхом Божиим входящих в него, Господу помолимся.</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй.</p>	<p>Осы киелі храм үшін, және осы храмға сеніммен, аса зор құрметпен кіргендер үшін Құдайға құлшылық етеміз.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>Об избавлении нас от всякой скорби, гнева, беды и нужды Господу помолимся.</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй.</p>	<p>Біздің әр-түрлі күйзелістен, ашудан және жетпеушіліктен құтылуымыз үшін Құдайға құлшылық етеміз.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p>Защити, спаси, помилуй и сохрани нас, Боже, Твоею благодатию.</p> <p><b>Хор:</b> Господи, помилуй.</p>	<p>Өзіңнің нұр жауған құт берекеңмен бізді қорға, құтқар, мейірім көрсет және сақта.</p> <p><b>Хор:</b> Құдай Ие жарылқа</p>
<p><b>Диакон:</b> Премудрость!</p>	<p><b>Диакон:</b> зер салып тұрыңдар!</p>
<p><b>Молитва верных вторая</b></p>	<p><b>Адалдардың екінші мінажаты</b></p>
<p><b>Священник:</b> Вновь и многократно мы припадаем к Тебе, и молим Тебя, благой и Человеколюбец, чтобы возрев на это моление наше, Ты очистил наши души и тела от всякой скверны плоти и духа и дал нам неповинно и не в осуждение предстоять святому Твоему жертвеннику! Даруй же, Боже, и молящимся с нами возрастать в жизни, и вере, и разумении духовном. Дай им всегда со страхом и любовью служить Тебе и неповинно и не в осуждение причаститься святых Твоих Таинств, и небесного Твоего Царства удостоиться.</p>	<p><b>Священник:</b> Тағы және көптеп Саған сүйеніп және Саған мінажат айтып, Қайырымды және Адамсүйгіш Құдай, біздің өтінішімізді тындап, Сен біздің жандарымызды және тәндерімізді әр түрлі жандық және тәндік былғаныштан тазалап, бізге айыпсыз және күнәсіз Сенің Құрбан шалатын жеріңнің алдында тұруға лайықтандыр. Бізден бірге мінажат айтқандарға Құдай, өмірге, сенімділікке және рухани тануға табыс бер. Саған жауапкершілікпен, қадірлікпен және махаббатпен қызмет еткендерге айыпсыз және күнәсіз Сенің Киелі Құпиянды қабыл алуға және Сенің Аспандық Патшалығыңа ие болуға лайықтандыр.</p>
<p><b>Священник:</b> Чтобы силою Твоею всегда хранимые, мы Тебе славу воссылали, Отцу и Сыну и Святому Духу, ныне и всегда, и во веки веков.</p>	<p><b>Священник:</b> Біздің Сенің құдіретіңмен сақтала, Саған даңқ айтуға, Әкеге және Ұлға және Киелі Тынға кәзірде және әр қашанда, және ғасырдан ғасырға.</p>
<p><b>Хор:</b> Аминь.</p>	<p><b>Хор:</b> Аумин.</p>
<p><b>Херувимская песнь</b></p>	<p><b>Херувим әні</b></p>

<p><b>Хор:</b> Мы, Херувимов таинственно изображая и животворящей Троице Трисвятую песнь воспевая, всякое ныне житейское отложим попечение.</p>	<p><b>Хор:</b> Біз Херувимдерді құпиялы суреттей, Өмірбергіш Үшімге үшкиелі ән айтып, енді күнделікті тұрмыстағы қамқорлығымызды қоя тұрайық.</p>
<p><b>Молитва Херувимской песни</b></p>	<p><b>Херувим әнінің мінажаты</b></p>
<p><b>Священник:</b> Никто из связанных плотскими влечениями и наслаждениями недостойн приступать или приближаться к Тебе, или служить Тебе, Царю Славы, ибо служение Тебе велико и страшно и для самих Сил небесных! Но однако Ты, по неизреченному и безмерному Своему человеколюбию непреложно и неизменно стал человеком и явился первосвященником нашим, и священнодействие этого общего служения и бескровной жертвы передал нам, как Владыка всех. Ибо Ты, Господи Боже наш, один владычествуешь над всем небесным и земным, – Ты, на престоле Херувимском носимый, Серафимов Господь и Царь Израилев, один Святой и во святых почивающий. Но прошу Тебя, единственно благого и благосклонного: возри на меня, грешного и ни к чему не годного раба Твоего, и очисти мою душу и сердце от совести порочной, и силою Святого Твоего Духа сделай способным меня, облеченного благодатию священства, предстоять этому Твоему святому престолу и совершить священнодействие святого и пречистого Твоего Тела и драгоценной Крови. Ибо я к Тебе приступаю, склонив свою главу, и молю Тебя: не отвори лица Твоего от меня и не отвергни меня из числа служителей Твоих, но благоволи, чтобы мною, грешным и недостойным рабом Твоим, принесены были Тебе эти Дары. Ибо Ты – приносящий и приносимый, и принимающий, и раздаваемый, Христе Боже наш, и Тебе славу воссылаем, со безначальным Твоим Отцом, и всесвятым и благим и животворящим Твоим Духом,</p>	<p><b>Священник:</b> Тәннің елігушілігімен және ләззатымен байланған ешкім Саған келіп, жақындауға жарамсыз, әлде Саған қызмет етуге, Даңқ Патшасы, өйтені Саған қызмет ету асан Күштерінің өзіне де қорқынышты! Бірақ сонда да Сен, Өзіңнің айтуға сөз жетпейтін және өлшеусіз адамсүйгіштігіңмен бұлжымай және өзгермей адам болдың және біздің бас священнигіміз болдың, және барлығының Әміршісі ретінде осы ортақ болған қансыз құрбандықтың қызметінің қасиетті ісін бізге бердің. Өйткені Сен, біздің Құдай Иемізсің, аспан мен жердегінің бәріне Жалғыз Билеушісің, – Сен, Херувим тағында көтерілген, Серафимдердің Құдай Иесі және Израилдіктердің Патшасы, жалғыз Киелі және әулиелерде болған. Бірақ Сеннен жалғыз Игі Ниетіден өтіне сұраймын, Сенің ештеңкеге жарамсыз, күнәлі құлыңа, (маған) қара және менің жаным мен жүрегімді содырлы ар-ожданнан тазартып, Сенің Киелі Тыныңның күшімен, нұр жауған құт берекесін жамылған дін қызметкері болған мені, осы Сенің киелі тағыңның алдында тұрып, Сенің киелі және ең таза Тәніңнің және асыл гауһар Қаныңның қасиетті ісін істеуге жарамды қыл. Өйткені мен басымды иіп Саған келдім: Өзіңнің жүзіңді меннен қайырма, және Өзіңнің қызметкерлеріңнің ішінен алма, бірақ күнәлі және түкке тұрғыссыз Сенің құлың менімен, осы Сыйдың әкелінгені болсын. Өйткені Сен – Әкелген және Әкелінген, және Қабылдаушы, және Тарарушысың, Христос Құдайымыз біздің, және Саған даңқ айтамыз, Сенің мәңгі Әкеңмен, және Ең Киелі және Игі және Өмірбергіш Тыныңмен, кәзірде және әр қашан, және ғасырдан ғасырға. Аумин.</p>

ныне и всегда, и во веки веков. Аминь.	
<b>По окончании молитвы и каждения священник и диакон, стоя перед св. престолом, трижды читают Херувимскую песнь, в конце каждый раз совершая поклон.</b>	<b>Мінажат және хош иісті ладанды бүркеу аяқталғаннан кейін священник пен диакон киелі тақтың алдында тұрып, үш рет Херувим әнін оқиды, оның әрқайсының соңында бас и іеді.</b>
<b>Затем подходят к жертвеннику; священник кадит святыне дискос и чашу.</b>	<b>Содан кейін құрбандық шалатын жерге келеді; священник киелі дискос пен тостағанды хош иіспен бүркиді.</b>
<b>Диакон обращается к священнику: Подними, владыка.</b>	<b>Диакон священнике былай деп айтады: Әмірші, көтер.</b>
<b>И священник, взяв воздух, возлагает его на левое плечо диакона, со словами:</b>	<b>Сонда священник (воздухты) ауаны<sup>1</sup> диаконның сол иғына қойып, былай дейді:</b>
Вознесите руки ваши ко святыням и благословите Господа.	Қолдарыңды аса қасиетті затқа көтеріңдер және Құдай Иеге бата беріңдер.
